

**Астана қаласы әкімдігінің**  
**"Қалалық инфекциялық орталық" ШЖҚ МКК қызметінде**  
**2024 жылғы 1 қазан - 2025 жылғы 18 мамыр аралығы кезеңдегі**  
**сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша**  
**талдау анықтамасы**

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы" ҚР Заңына, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сәйкес және "Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы" Астана қаласы әкімдігінің "Қалалық инфекциялық орталығы" ШЖҚ МКК директорының 28.05.2024ж. №58-Ө бұйрығы негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді

**Кәсіпорын қызметі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын ұйымның атауы:** Астана қаласы әкімдігінің "Қалалық инфекциялық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі-Кәсіпорын).

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау пәні:** Кәсіпорынның денсаулық сақтау саласындағы қызметін жүзеге асыру.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жататын Кәсіпорын қызметінің кезеңі:** 2024 жылғы 1 қазан - 2025 жылғы 18 мамырға дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-менеджері Булегенов Қ.С. жүргізді.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:**

1.Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2.Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

3.Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

4. Мемлекеттік қызмет көрсетуіне байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

5. Рұқсат беру функцияларын іске асыруына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

6. Бақылау функцияларын іске асыруына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

7. Қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

8. Жасырын қызметтерді анықтау.

**1 мақсат - Кәсіпорынның қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

Талданған кезеңде кәсіпорын нормативтік-құқықтық актілерді қабылдаған жоқ.

**2 мақсат - Персоналды басқаруына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

Талданатын кезеңде кәсіпорынның штат саны:

2025 жылдың 18 мамыр күніне - 181 адам, 2025 жылдың 1, 2 тоқсанында - 38 адам қабылданды, 34 адам жұмыстан шығарылды.

Теріс себептермен жұмыстан босатылған қызметкерлер жоқ.

Жоғары медициналық білімі бар мамандар – 34 адам, орта медициналық білімі бар мамандар – 62 адам.

**3 мақсат - Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша мүдделер қақтығысы анықталған жоқ, медицина қызметкерлерінің қызметінде бұзушылықтар анықталған жоқ.

**4 мақсат - Мемлекеттік қызмет көрсетуіне байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

Кәсіпорындағы мемлекеттік қызметтер Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне сәйкес және ҚР Президенті мен Үкіметінің актілері, өзге де НҚА негізінде көрсетіледі.

Кәсіпорын "Тегін медициналық көмектің кепілдік көлемі" ең минималды әлеуметтік стандартын «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне, Кәсіпорын "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы" ҚР Үкіметінің қаулысына, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" ҚР Заңына сәйкес іске асырады. Ақылы қызметтер "Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық қызметтер (көмек) көрсету жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы" ҚР Денсаулық сақтау министрінің бұйрығына сәйкес көрсетіледі.

Шарттық міндеттемелер бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

**5 мақсат - Рұқсат беру функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

Кәсіпорын рұқсат беру функцияларын орындамайды.

**6 мақсат - Бақылау функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

Кәсіпорын бақылау функцияларын жүзеге асырмайды.

**7 мақсат -Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

Кәсіпорынның қызметі Даму жоспарына сәйкес өз табысынан және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көрсетілген тәртіппен берілген бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады. Сондай-ақ, "Мемлекеттік мүлік туралы" ҚР Заңына сәйкес Кәсіпорын белгіленген еңбекақы қоры шегінде еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық жалақының мөлшерін, сыйақы беру және өзге де сыйақы жүйесін дербес айқындайды.

Кәсіпорынның мемлекеттік сатып алу бойынша жұмыстар "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңына сәйкес веб-портал арқылы жүргізіледі. Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде баға ұсыныстарын сұрау және ашық конкурс сияқты бәсекелестік тәсілдер пайдаланылады.

Кезеңді талдау кезінде қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмаған.

**8 мақсат - Жасырын қызметтерді анықтау:**

Кәсіпорынның жасырын қызмет көрсетуі анықталған жоқ.

Комплаенс-менеджер



Булгенов Қ.С.